


Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының төрағасы
Ж.Асанов мырзаға

Жәбірленуші: Жолынбек Шапейұлы Рыскуловтан
Түркістан облысы, Шымкент қаласы
Еңбекші ауданы Тоғус ауылы
М.Мамедова көшесі №18 үй



АЛҒЫС ХАТ

Менің балам Е.Рыскулов 22.06.2019 жылғы сағат 21-30 шамасында Түркістан облысы, Төле би ауданына қарасты «Екпенді-Ленгер» тас жолының бойында жүргізуші Ж.Улбосынның басқаруындағы үлгісі «Тойота Камри» автокөлігімен соқтығысып, дене жарақаттарымен Леңгір қалалық ауруханасының жан сақтау бөліміне түсіп, 26.06.2019 жылы қайтыс болды.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 345-бабы 4-бөлігі бойынша тіркелген №195158031000340 санды қылмыстық істі 23.08.2019 жылғы қаулысымен У.Оразалиеваның әрекетінде қылмыс құрамы болмауына байланысты деп анықтаушы Б.Дошманов тоқтатып тастады.

Мен, анықтаушы Б.Дошмановтың шешімімен келіспей Түркістан облысы, Төлеби аудандық ПБ-на шағымдандым, одан кейін Түркістан облысы ПД-не және Түркістан облыстық прокуратураға шағымдандым, олар мені 2 ай әуре сарсаңға салып, олардан ешқандай нәтиже шықпаған соң, 04.09.2019 жылы Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу сотына шағымдандым.

Шағымымды судья А.С.Қосмұратов 12.09.2019 жылы қарап, менің шағымымды қанағаттандырып, Түркістан облысы Полиция департаменті тергеу басқармасының анықтаушысы Б.Дошмановтың 23.08.2019 жылғы қаулысымен У.Оразалиеваның әрекетінде қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтату туралы қаулысын заңсыз деп танып, күшін жойды.

Сонымен қатар, қылмыстық істі Түркістан облыстық прокурорына тергеулігі бойынша жолдау туралы шешім қабылдады.

Құрметті Жақып Қажманұлы өзіңіз басқарып отырған Сот билігінде халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, заңды шешім қабылдайтын судьялар көп болсын дей отырып, Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы А.С.Қосмұратовқа заңды шешім қабылдағаны үшін алғысымды білдіремін.

Жәбірленуші

Ж.Рыскулов